

2020-2021 оқу жылындағы оқу – әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмыс жоспары

I. Оқу – әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмыс:

Қазақстан Республикасы Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген) және «Оқу-әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына (ҚР БҒМ 27.07.2015 жылғы №488 бұйрығымен тақырыбы жаңа редакцияда, өзгертулер мен толықтыруларымен) және колледждің Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Ғылыми әдістемелік жұмыс - педагогтардың кәсіптік құзыретін арттыру және білім беру процесінің инновациялық проблемаларын шешу арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтардың және құрылымдық бөлімшелердің бірлескен қызметінің көп деңгейлі, көп функциялы жүйесі.

Оқу-әдістемелік жұмыс - білім беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізу үшін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-материалдық объектілермен қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымының қызметі.

II. Оқу – әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмыстың мақсаты:

ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

III. Оқу – әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмыстың міндеттері:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісін қолданыстағы технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және жетілдіру;
- педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру .

IV. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс мынадай бағыттарды қамтиды:

1) нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беруді басқару органдарының ұсынымдамаларын, оқу-бағдарламалық құжаттарды жетілдіру үшін ұсыныстар енгізу;

2) жаңа оқу бағдарламалардың зерделеуін ұйымдастыру және оларды оқу үдерісіне енгізу туралы ұсыныстар беру;

3) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып білім беру бағдарламаларына және стандарттарға өзгерту енгізу туралы ұсыныстар енгізу;

4) ағымдық, аралық бақылаудың қорытындыларын талқылау; білім алушылардың білімнің, іскерлігінің дағдысының сапасын талдау және нәтижелерді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

5) педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, еңбек жолын жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлеріне оқу сабақтарын өткізу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу және оқудан тыс іс-шаралар өткізу;

6) сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау; ғылым және техника жетістіктерін, оқу-тәрбие жұмысындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені және оқытудың жаңа технологияларын зерттеу, іріктеу және практикаға енгізу;

7) мамандықтар мен біліктіліктер бойынша кәсіби шеберлік конкурстарын тақырыптық және ғылыми семинарлар, конференциялар және ғылыми-әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;

8) педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, рефераттарға, әдістемелік әзірлемелер мен құралдарға, оқытудың техникалық құралдары және электрондық-есептеу техникасына шолу жасауды ұйымдастыру;

9) ынтымақтастық педагогикасы, өзін-өзі басқару жөніндегі жұмыстарды жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісін жақсаруына және еңбекті ұйымдастыру, өзара тексеру және өзара көмектің тиімді нысандарын кеңінен қолдануға білім алушыларды тарту.

Оқу-әдістемелік басқарма (әдістемелік орталық, кафедра, бөлім, кабинет) - білім беру ұйымында оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше.

Оқу-әдістемелік бірлестіктер - әр түрлі деңгейдегі білім беру оқу бағдарламаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізу үшін салалық (мамандық топтары, пәндер) белгісі бойынша білім беру үдерісі субъектілерінің бірігуі.

Құрылымдық бөлімшелер мынадай оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асырады:

1) бөлімдердің, пәндік және циклдік комиссиялардың оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысына басшылық жасау;

2) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарды сараптау және оларға әдістемелік (ғылыми-әдістемелік, ғылыми-техникалық) кеңестердің қарауы үшін ұсынымдар беру;

3) оқу-тәрбие процесінің, әдістемелік жұмыстың жай-күйін талдау және оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдамаларды пысықтау;

4) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік өнімдердің жариялануына және таралуына талдау және ұсынымдама жасау.

№	Жұмыстардың мазмұны	мерзімі	орындаушылар
1	2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту.	қыркүйек	Алимжанова А.Б.
2	2020-2021 оқу жылынан колледждің жалпы әдістемелік тақырыбын негіздеу, 5 жылдық ғылыми-әдістемелік жұмыс көлемін анықтау.	қыркүйек	Алимжанова А.Б. Шығармашылық топ мүшелері
3	2020-2021 оқу жылына арналған оқытушылардың жеке әдістемелік мәселелерінің өзектілігі мен ғылымилығын қарап, бекіту.	қыркүйек	Алимжанова А.Б. Бөлім меңгерушілері ПЦК жетекшілері Әнуархан М.
4	Колледж әдіскерінің, ПЦК менгерушілерінің, әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарын әзірлеп, бекітуге ұсыну.	қыркүйек	Алимжанова А.Б. ПЦК жетекшілері Әнуархан М.

5	"Дарындылар академиясы", «Жас оқытушылардың тьютерлік мектебі» жұмыс жоспарларын бекіту.	қыркүйек	Алимжанова А.Б. Бекұзақова А.Қ.
6	Оқытушылардың сандық және сапалық құрамының динамикасын жасау, НОБД есептерін толтыру	қыркүйек	Алимжанова А.Б. Қыдырбекова Г.Т.
7	Оқытушылардың кәсіптік және ақпараттық қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу	кезінде	Алимжанова А.Б. Әнуархан М.
9	Оқу коррекциялық жұмыстарды бекіту.	үнемі	Алимжанова А.Б.
10	Оқытушыларды аттестаттаудан өткізу, аттестаттауға материалдар дайындау жұмыстарын жүргізу.	кезінде	Алимжанова А.Б. Кемелбекова Ә.Е.
11	Ашық сабақтарды әдістемелік жоғары деңгейде өткізуге көмек көрсету	жыл бойы	Алимжанова А.Б. Меңдіғазиева М.Т.
12	Студенттермен ғылыми жұмыстарды жүргізу, бағыт - бағдар беру.	жыл бойы	Алимжанова А.Б. Бекұзақова А.Қ.
13	Ғылыми - әдістемелік және ғылыми - зерттеу семинарларды ұйымдастыру және өткізу.	жоспар бойынша	Алимжанова А.Б. Бөлім меңгерушілері
14	Педагогикалық тәжірибелерге жинақтау жұмысын ұйымдастыру.	жоспар бойынша	Алимжанова А.Б.
15	ПЦК меңгерушілерімен шағын әдістемелік мәжілістерді өткізу.	үнемі	Алимжанова А.Б. Меңдіғазиева М.Т.
16	Жас оқытушылармен оқыту тәлімгерлерге көмек көрсету мақсаттарында әдістемелік жұмыстарды жалғастыру.	үнемі	Алимжанова А.Б.
17	Жас мамандардың сабақтарына қатысып, әдістемелік көмектер көрсетіп отыру.	жыл бойы	Алимжанова А.Б. Тәлімгер оқытушылар
18	Кабинеттердің оқу - әдістемелік материалдарымен қамтамасыз ету жұмыстарын одан әрі жалғастыру.	үнемі	Алимжанова А.Б. Бөлім меңгерушілері ПЦК жетекшілері
19	«Өзін-өзі тану» рухани – адамгершілік бағдарламасын жүзеге асыру тәжірибелері бойынша өңірдің педагогтарына ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс – шаралар ұйымдастыру.	үнемі	Алимжанова А.Б. Байтекеева А.А. Бөлім меңгерушілері ПЦК жетекшілері
20	Өткізілген іс-шаралар туралы ақпараттарды аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. «Самопознание.кз» журналына және www.ozin-ozit-anu.kz порталына мақалалар, әдістемелік әзірлемелер жариялау. Педагогикалық тәжірибе тарату мақсатында өңірлік жұмыс тобының іс-шараларына қатысу	Үнемі Жоспар бойынша	Алимжанова А.Б. Байтекеева А.А. Бөлім меңгерушілері ПЦК жетекшілері
21	«Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау» пилоттық жобасын іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесінің негізінде қосымша білім беру мазмұнына, оқудан тыс іс әрекетке және ата-анамен жұмысқа жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялау бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындау.	Сәуір	Алимжанова А.Б. Байтекеева А.А. Бөлім меңгерушілері ПЦК жетекшілері кураторлар
22	Курстық жұмыстардың ғылыми-әдістемелік жағынан талапқа сәйкес жазылуы мен қорғалуын қадағалау, талдау, қорғау жұмыстарына қатысып, тиісті ғылыми - әдістемелік көмек беру, ұсыныстар беру.	Курстық жұмысты қорғау ережесіне сәйкес	Алимжанова А.Б. Сайн Е.С. Арнайы пән оқытушылары

Ү. КОЛЛЕДЖДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТАҚЫРЫБЫ:

«Action research пен Lesson study тәсілдерін жаңа білім мазмұнында қолдану кәсіби даму мен сапалы нәтиже кепілі ретінде педагогтердің дербес практикасын жетілдіру және басқа педагогтермен тәжірибе алмасу»

Әдістемелік проблеманың негізгі кезеңдері:

1. Action research пен Lesson study тәсілдерін қолданудың ғылыми – теориялық негіздерін зерделеу, пайымдау және практикада жүзеге асыру арқылы оқыту мен оқуды жетілдіру (2020-2021 жж.).
2. Action research пен Lesson study тәсілдерін қолдануды жетілдіру негізінде педагогтердің кәсіби дамуы мен білім сапасының нәтижесін теориялық – практикалық жағынан пайымдау (2021– 2022 жж.).
3. Action research пен Lesson study тәсілдерін жұмыстарының нәтижелілігіне талдау жүргізу және НИМ педагогтерімен кері рефлексия жасау. (2022 – 2023 жж.).
4. Action research пен Lesson study тәсілдерін жаңа білім мазмұнында қолдану практикасын жетілдіру және қала және республикалық деңгейінде ТКББ жүйесінің педагогтерімен тәжірибе алмасу (2023-2024 жж.).
5. Action research пен Lesson study тәсілдерін жаңа білім мазмұнында қолдану практикасын жетілдіру және республикалық және халықаралық деңгейде педагогтер қауымдастығымен тәжірибе алмасу және нәтижесіне мониторинг жүргізу (2024-2025 жж.).

Тақырыптың өзектілігі:

Бүгінгі күні еліміздің білім беру саласы түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. Жаңарған білім мазмұны бойынша жұмыс жасау арқылы білім саласын жаңа бағытта дамыту, білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу, білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсаты көзделіп отырғаны баршаға аян. Осы орайда әлемдік білім жүйесінің озық тәжірибелерін зерделеп, мақсатты түрде қолданудың маңызы өте зор. Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы инновациялық жаңа идеялардың тоғысуы арқылы білім беруде бәсекеге қабілетті болып отырған білім ордалары Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқыту әдістемесі мен мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту бағытында кеңінен қолданылып жүрген тәсілдер - Lesson Study/ сабақты зерттеу және Action research/ іс –әрекетті зерттеу әдістері болып табылады. Бұл педагогикалық әдістер сабақтағы іс-әрекетті ерекше үлгіде зерттеу нәтижесінде педагог тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіре отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерінің сапасын арттыруға бағытталатындығымен ерекшеленеді. Педагогтердің кәсіби қауымдастығын құруға мүмкіндік береді және педагогикалық құрамның кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға үлкен серпіліс береді.

Ғылыми -әдістемелік кеңестің, оқу –әдістемелік және ғылыми –әдістемелік жұмыстардың 2020-2021 оқу жылына арналған жоспарының мазмұны

I	ҒЫЛЫМИ -ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	Тамыз	Алимжанова А.Б.
	<p>1.2020-2021 оқу жылының жұмыс оқу жоспарын талдау, нормативтік – құжаттарға сәйкес білім ұйымы анықтайтын пәндерді, білім алушылардың таңдау пәндерін, факультативтерді, бөлінетін пәндерді анықтау, талдау, бекітуге ұсыну.</p> <p>2.2020-2021 оқу жылына арналған колледждің жаңа жалы әдістемелік тақырыбын негіздеу, 5 жылдық ғылыми-әдістемелік жұмыс көлемін анықтау, талдау, бекітуге ұсыну.</p> <p>3.Әдістемелік кабинетінің жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.</p> <p>4.Пәндік циклдік комиссиялардағы әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.</p> <p>5.«Жас оқытушылардың тьютерлік мектебі» және 6.«Дарындылар академиясы» жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.</p> <p>7. Курстық жұмыстардың тақырыптарын талдау, бекітуге ұсыну.</p> <p>8.ТКББ оқу орындарындағы қашықтықтан оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдармен таныстыру.</p> <p>9.Әзірленетін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулардың тізімін және дайын болғандарын басылымға жіберу үшін бекіту.</p> <p>10. Кәсіби құзыретті педагогтар арасынан шығармашылық топ мүшелері мен іс-әрекеттегі әдістемелік десанттар құрамын анықтау</p>		<p>Алимжанова А.Б.</p> <p>Бөлім меңгерушілері</p> <p>ПЦК жетекшілері</p> <p>Бекұзақова А.Қ.</p> <p>Әнуархан Мәуе Кемелбекова Ә.Е.</p>
II	ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ	Қыркүйек	Алимжанова А.Б.
	Модульдік білім беру жүйесі бойынша жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдармен таныстыру		Бөлім меңгерушілері
III	ПЕДАГОГТАРДЫ АТТЕСТАТТАУ	Тамыз-қыркүйек	Алимжанова А.Б.
	Кезекті аттестаттаудан өтетін оқытушыларға жаңа форматтағы аттесттау ережелерімен таныстыру, біліктіліктің сәйкестендіру ерекшеліктерін түсіндіру, педагогтарға арналған ҰБТ дайындау, порталға өтініш беру жұмыстарын қадағалау, әдістемелік көмек беру, куәліктерін толтыру, 2 кезеңге қажетті құжаттарын түгендеу, 2016 жылы кезекті аттесттаудан өтетін оқытушыларды ескерту		Әнуархан М.
IV	ҚАЛАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР	Қазан	Алимжанова А.Б.
	Тақырыбы: «Абай әлемі» Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Кім? Қайда? Қашан?» қалалық интеллектуалды – танымдық ойыны		«Қалалық әдістемелік кабинет» ғылыми-зертханасы Алимжанова А.Б.

			Бегазова М.Ж.
Ү	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	Қараша	Сайн Е.С.
	<p>1. Іс - әрекет нәтижесінің түйінді көрсеткіштері (КРІ) – оқу орнының стратегиялық және тактикалық мақсаттарына жеткендігін анықтаудың тиімді жолдары</p> <p>2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін балдық – рейтингтік әріптік бағалау жүйесін қолдану тәжірибесі</p> <p>3. Оқу үдерісіне оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар базасын құру мақсатында оқу пәндерінің электронды оқу - әдістемелік кешендерін әзірлеу тәжірибелері</p> <p>4. Курстық жұмыс тақырыптарының ғылымилығы, өзектілігі тапсырмаларды уақытында беру, орындау сапасы.</p>		<p>Меңдіғазиева М.Т.</p> <p>Алимжанова А.Б. Бөлім меңгерушілері</p> <p>ПЦҚ төрағалары Іс-әрекеттегі әдістемелік десанттар</p> <p>Сайн Е.С.</p>
ҮІ	Жас және жаңадан келген оқытушылардың шығармашылық сабақтарының понарамасы	Қазан - Қараша	Алимжанова А.Б. Сайн Е.С.
	<p>Тақырыбы: <i>«Педагогикалық шеберлікке дейінгі алғашқы қадамдар»</i> Байқау сабақтары Ашық сабақтар</p>	қазан қараша	Тәлімгерлер Жас және жаңадан келген оқытушылар
ҮІІ	ӘДІСТЕМЕЛІК АПТА Тақырыбы: <i>«Мен өз ісімнің шеберімін»</i> <i>«Я – мастер своего дела»</i> <i>«I am a master of my art»</i>	23- 29 қараша, 25-30 сәуір	Алимжанова А.Б. Сайн Е.С. Пән оқытушылары
ҮІІІ	ПЕДАГОГТАРДЫ АТТЕСТАТТАУ	қараша	Сайн Е.С.
	2016 жылы аттестаттаудан кезекті өтетін және кезектен тыс өтетін оқытушылардың тізімін анықтау, аттесттау комиссиясының отырысын өткізу, құжаттарын порталға тіркеу, ҰБТ дайындау		Аттестаттаудан өтетін оқытушылар
ІХ	ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОҚЫРМАНДАР ОЛИМПИАДАСЫ	Желтоқсан	Алимжанова А.Б. Сайн Е.С.
	<p>Тақырыбы : <i>«Мамандықтың үздік кәсіби кітаптар білімпазы»</i></p> <p>Мақсаты:</p> <p>1. Оқу мәдениетін студенттердің өзін-өзі кәсіби жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу дамудың факторы екендігіне көздерін жеткізу;</p> <p>2. Болашақ маман ретінде оқушыларды оқырман ретінде тәрбиелеу және өздігінен оқу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шарты: <i>1.0101000- «Бастауыш білім беру» және 0105000 - «Мектепке</i></p>		<p>Бөлім меңгерушілері ПЦҚ төрағалары Пән оқытушылары Кітапхана меңгерушісі</p>

	<i>дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы» пәндері бойынша; 2.«Негізгі білім беру» мамандығы бойынша «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Үйден оқу», «Шетел әдебиеті» пәндері бойынша; оқу –әдістемелік кеңесте бекітілген «Мамандық бойынша оқуға міндетті 100 оқулық» тізбесі бойынша білімдерін сынау</i>		
X	АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚУ СЕМИНАРЫ		Сайн Е.С. Онгарова Б.К.
	«Vandicam» бағдарламасымен бейнесабак жасау тәсілдері	Қаңтар	Мекен А.М.
	«Камтазия» бағдарламасында скринкаст жасау жолдары	Сәуір	Қылышбек Ф. Б
	«Icecream screen recorder» бағдарламасында бейнесабак жасау	Қаңтар	Серік Ардақ
XI	Шеберлік апталығы		
	Шеберлік мектебі	қаңтар	Бекұзақова А.Қ.
XII	ӘДІСТЕМЕЛІК КОУЧИНГ «Lesson Study және Action Research тәсілдемелері-сабақты зерттеудің ерекше нысандары»	Желтоқсан	Алимжанова А.Б. Сайн Е.С.
XIII	ҚАЛАЛЫҚ АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ	қаңтар	Алимжанова А.Б.
	С.А. Назарбаеваның 80 жылдығына арналған Тақырыбы: Сүйіспеншіліктің сарқылмас бұлағы)/ «Неиссякаемый источник любви»		Байтекеева А.А. Сайн Е.С.
XIV	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС <i>(ТЕД түрінде)</i>	ақпан	Алимжанова А.Б. Сайн Е.С.
	Тақырыбы: «Smart - технология – XXI ғасырдағы дамудың жаңа жолы» 1.«Smart - оқыту – педагогтардың кәсіби біліктілігін арттырудың заманауи құралы» 2. «Smart –білім беру оқытушылық пен оқытудың моделін жаңаша жетілдіру әдісі» 3. «Smart - оқулық - smart - оқытудағы негізгі тренд» 4. «Smart - педагог - кәсіби өрлеудің төте жолы (ПЦК –дағы креативті, сындарлы ойлай алатын, коммуникациялық дағдылары жетілген, кәсіби проблемаларды құзыреттілігі шегінде дербес шешуге қабілетті, тұлғаға білімнің бағытталуын қамтамасызететін, кәсіби қызметінде ынталандырылған, бейімделген, ресурстарға еркін кіре алатын, инновациялық технологияларды белсенді қолданатын оқытушылардың педагогикалық қызмет тәжірибесімен таныстыру)		Алимжанова А.Б. Сайн Е.С. Ақбаева Г.Б. Бөлім меңгерушілері ПЦК төрағалары Іс-әрекеттегі әдістемелік десанттар
XV	Байқаулар		

	<p>Оқыту мен білім сапасын жақсарту және үздіктерді анықтау мақсатында байқаулар ұйымдастырып, өткізу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.«Колледждің үздік тобы» 2.«Абыройлы ұстаз» 3.«Колледждің үздік оқу кабинеті» 4.«Үздік педагог портфолиосы» 5. «Оқытушының АКТ-ны меңгеру деңгейі және цифрлық платформаларды қолдану тиімділігі мониторингі» 6.«Үздік педагог» 7. «Мамандықтың үздігі» <i>(бітіруші түлектер арасында)</i> 8. «Үздік электронды оқу әдістемелік кешен» 	<p>қазан</p> <p>қаңтар</p> <p>қаңтар</p> <p>қаңтар</p> <p>сәуір</p> <p>мамыр</p> <p>қаңтар</p>	<p>Алимжанова А.Б.</p> <p>Сайн Е.С.</p> <p>Асубаева Г.С.</p> <p>Байтекева А.А.</p> <p>Оңғарова Б. К.</p> <p>Бөлім</p> <p>меңгерушілері</p>
ХҮІ	ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР	наурыз	Алимжанова А.Б.
	<p>Тақырыбы: Педагогикалық - психологиялық ғылымдардың модернизациясы</p>		<p>Әдістемелік кабинет</p> <p>Сайн Е.С.</p> <p>«Педагогика және психология» ПЦК.</p> <p>Нұрдаuletова З.Н.</p>
ХҮІІ	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	сәуір	Сайн Е.С.
	<p>LS және AR - педагогтардың кәсіби дамыту мен зерттеушілік потенциалдарын арттыру құралы</p> <p><i>Негізгі баяндама презентация:</i> Тақырыбы: «Lesson Study – топты зерттеу нысаны немесе түйінді сипаты: креативтілік пен ғылыми дәлдік» <i>(Креативтілікті оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесе жұмыс істейтін мұғалімдердің істерінен көруге болады, ал ғылыми дәлдік жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинауды көздейді)</i> <i>Қосымша баяндама – презентациялар:</i> 2.Жалпы тақырып: ПЦК –да «Lesson Study және Action Research жүргізу барысы және нәтижелері</p>		<p>Алимжанова А.Б.</p> <p>Сайн Е.С.</p> <p>Бөлім</p> <p>меңгерушілері</p> <p>ПЦК төрағалары</p>
ХҮІІІ	Студенттердің ғылыми - практикалық конференциясы	мамыр	Бекұзақова А.Қ.
	<p>Жалпы тақырыбы: <i>«Жаңартылған бағдарлама - табысты болашақ кепілі»</i></p>		<p>Ғылыми қоғам мүшелері</p>
ХІХ	<p>Ү І КОЛЛЕДЖШІЛІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ: Тақырыбы: «Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану аясындағы тәжірибелер, проблемалар »</p>	мамыр	<p>Алимжанова А.Б.</p> <p>Сайн Е.С.</p> <p>Асубаева Г.С.</p>
ХХ	Педагогтарды аттестаттау	мамыр	Сайн Е.С.
	Кезекті аттестатаудан өтетін оқытушылардың өтініштерін алу, құжаттарын түгендеу, тізімдерін	25 мамырға дейін	

	әзірлеу (2017 жылы аттестаттаудан өткен оқытушылар, декреттік демалыстан шыққан оқытушылар, кезектен тыс өтетін оқытушылар)		
XXI	<p>Педагогикалық идеялар мен инновациялық практикалар форумы</p> <p>Тақырыбы: «Колледж білім берудің инновациялық кеңістігінде»</p> <p><i>Форумның ашылу салтанаты, кіріспе сөз</i></p> <p>1. <i>Презентациялық баяндама:</i> Педагогикалық қауымдастықты «LS –лагеріне» және «AR-лагеріне» сегментациялау</p> <p>2. <i>Постер сессия:</i> LS пен AR диалогы: дискуссиялық алаң құру және коллаборативтілікті дамытуға қызмет ету.</p> <p>3. <i>Оқу әдістемелік әзірлемелердің көрмесі:</i> «Оқу құралдары –оқу қызметінің айнасы»</p> <p>4. <i>Үздік сабақтар мен практика жетекшілері жұмыстарының понарамасы:</i> «Кәсіби практика - мамандар сапасының көрсеткіші»</p> <p>5. «Жыл тарландары» оқу жылында педагогикалық процесте ұйымдастырылған жұмыстардың қорытындысы</p>	маусым	<p>Меңдіғазиева М.Т.</p> <p>Алимжанова А.Б. Сайн Е.С. Оңғарова Б.К.</p> <p>Эксперт оқытушылар Бөлім мең- і Асубаева Г.С.</p> <p>Меңдіғазиева М.Т.</p>
XXII	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	маусым	Сайн Е.С.
	<p>1.2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы.</p> <p>2.2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің есебі.</p> <p>3.2020-2021 оқу жылындағы «Дарындылар академиясы», «Жас оқытушылардың тьютерлік мектебі» жұмыстарының есебі.</p> <p>5. Курстық жұмыстардың сапасы, қорғалу жағдайы</p> <p>6.Педагог мамандар дайындауға арналған факультатив курстарының есебі.</p> <p>7.2020-2021 оқу жылына әдістемелік жұмыстарды жоспарлау және ұсыныстар беру</p>		Бекұзақова А.Қ.